



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Ә.М. Әбсеметоваға2021 жылғы 29 наурыздағы
№ 7-10-529/ДС-62

Құрметті Әлия Маратқызы!

Сіздің депутаттық сауалыңызға 2021 жылдың 18 наурызында берілген жауапқа қосымша қайталап, келесіні хабарлаймын.

Сіздің депутаттық сауалыңызда атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша тұрақты және уақытша тіркелу, азаматтарды Халыққа қызмет көрсету орталықтарында тіркеуге және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты үш мәселе көтерілген болатын.

Жолданған жауапта осы сұрақтарға қатысты толық жауап берілген болатын.

Біріншіден, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу шарттарына сәйкес аталған төлемді алушылардың тұрғылықты жеріне тікелей байланысты екендігі себептерін көрсете (*алушыларды жұмыспен қамту шараларына тарту, балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы беру*) отырып жазылған.

Екіншіден, тұрақты тіркеуі жоқ азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тұруға арналмаған Халыққа қызмет көрсету орталықтарында уақытша тіркеу мүмкін еместігі аталған. Осы аталған мәселе бойынша тұрғылықты жерінде тіркеуі жоқ азаматтар үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету эксаумақтық негізінде жүзеге асыру жұмыстары пысықталуда.

Үшіншіден, тұрғын үй алуға кезекте тұрған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға еліміздің басқа облысынан тұрғын үй таңдау мүмкіндігін қарастыру, сол аумақта тұрақты кезекте тұрып келе жатқан азаматтар тарапынан наразылық тудыруы мүмкін екендігі айтылған.

Сонымен қатар, жетім жасөспірімдерге берілген тұрғын үйді 5 жылға дейін сатуға шектеу қою бойынша, бүгінгі күні берілетін «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында, тұрғын үйді сатуға шектеу жоқ, себебі оларға тұрғын үйлер сатып алу құқығынсыз беріледі деп баяндалған.

Сіз екінші депутаттық сауалыңызда аталған санаттағы азаматтарға «сатып алу құқығымен» берілген тұрғын үйді 5 жылға дейін сатуға шектеу қою туралы мәселе көтеріп отырсыз.

Бұл ретте «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша берілетін тұрғын үйлер тек ғана сатып алу құқығынсыз берілетіндігін атап өтемін.

Сонымен қатар, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, *(13-бабы 3-тармағы)* ортақ бірлескен меншіктегі тұрғын үйдің иеліктен шығарылуына барлық меншік иелерінің келісімімен ғана жол беріледі. Егер мәміле тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмағандардың мүдделерін қозғайтын болса, қорғаншы және қамқоршы органның келісімі талап етіледі.

Осылайша, кәмелетке толмағандар тұрғын үйді иеліктен шығарған кезде қамқоршылық органының келісімі қажет. Тиісінше, заңды өкілдер жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін өз бетінше алып қоя алмайды.

Сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, кәмелетке толған азаматтар өздеріне тиесілі құқықтар мен міндеттерді өз қалауы бойынша дербес иеленеді.

Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары азаматтардың нақты кірістеріне байланысты қарастырылады.

Осылайша халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасының *(соның ішінде жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға)* әрбір мүшесінің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болғанда, сатып алусыз жалға берілетін тұрғын үй беріледі.

Республикалық бюджеттен сатып алу құқығынсыз әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыру жергілікті атқарушы органдарға қайтарымсыз нысаналы трансферттер бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үйді бастапқы және қайталама нарықта ипотека құралдары, тұрғын үй құрылыс жинақтары және үлестік құрылыс механизмдері арқылы сатып алуға болады.

Қазіргі уақытта тұрғын үй көмегін көрсетудің ең тиімді құралы болып табылатын жалдау ақысын субсидиялау механизмі енгізілуде.

Жалдауды субсидиялау тетігін іске асыру үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың жалға берілетін тұрғын үй салу үшін қарастырылған 97 млрд. теңге көлемінде ағымдағы бюджетті қайта бөлу көзделуде.

Бұл шара кезекте тұрғандарды қамтуды 10 есеге дейін арттырады және жыл сайын жеке құрылыс салушылардың осы санаттағы азаматтар үшін 37 мың пәтер салуға мүмкіндік береді.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Е. Тоғжанов

Орын.: Ж. Дәулетханова, 74-53-71